

"Дарынды балаларға арналған мектептерді мемлекеттік қолдау және дамыту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің өкімін жүзеге асыру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 16 қыркүйектегі N 1125 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы N 69 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.01.25. N 69 Қаулысымен.

"Дарынды балаларға арналған мектептерді мемлекеттік қолдау және дамыту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 24 мамырдағы N 3002 өкімін жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Беріліп отырған дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектептер туралы Ереже бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі дарынды балаларды анықтау және оларды ынталандыру мақсатында жыл сайын ғылым негіздері бойынша олимпиада, көркемдік, техникалық, натуралистік және басқа да бағыттар бойынша "Жасөспірімдер шығармашылығы" фестиваль-конкурсын өткізсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі: жоғары оқу орындарының жанынан және облыс орталықтарында мамандандырылған мектептер ашу үшін, сондай-ақ дарынды балаларға арналған республикалық мамандандырылған мектептерді дамыту үшін 1997 жылдан бастап республикалық бюджетте қаражат бөлуді көздесін;

дарынды балаларды халықаралық олимпиадаларға, конкурстарға, турнирлерге және спорттық шараларға даярлауға және оларға қатысуына 1997 жылдан бастап республикалық бюджетте қаражат көздесін.

4. Облыстардың және Алматы қаласының әкімдері: ғылым негіздерін зерделеуде, кескіндемеде және басқа да өнер түрлерінде, спортта, балалар көркемөнері шығармашылығында ерекше дарындылық немесе қабілеттілік танытқан оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудің жай-күйін қарайтын болсын, сондай-ақ осындай балаларға арналған мектептер мен мектептен тыс мекемелердің жүйесін сақтау мен мүмкін болатын кеңейтуге бағытталған шаралар жүйесін әзірлеп, бекітсін;

дарынды балаларға арналған білім беру мекемелерін: мектептерді, лицейлерді

, гимназияларды, мектептен тыс мекемелерді, оқушылар үйлері мен сарайларын, облыстық және қалалық жас техниктер, натуралистер, туристер станцияларын жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру, осы мақсаттарға бюджет қаражатынан басқа қосымша қаржыландыру көздерін, бюджеттен тыс қаражатты, демеушілік жарналарын тарта отырып оларды қазіргі заманғы жабдықтармен, компьютерлік техникамен қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдасын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

1996 жылғы 16 қыркүйектегі

№ 1125 қаулысымен

Бекітілген

Дарынды балаларға арналған арнаулы мектеп туралы

Ереже

I. Жалпы ережелер

1. Дарынды балаларға арналған арнаулы мектеп - интеллектілік қызметтің әртүрлі түрлерінде қабілеттің жоғары деңгейін немесе жекелеген сабақтар (пәндер) бойынша ерекше дарындық көрсететін балаларды оқыту мен тәрбиелеуге бағытталған орта жалпы білім беретін оқу орындары үлгілерінің бірі.

2. Дарынды балаларға арналған арнаулы мектеп (бұдан әрі - арнаулы мектеп) өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына, өзге де нормативтік құқықтық актілерге және осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Арнаулы мектептің мақсаты - әрбір оқушының жеке ерекшеліктерін дамыту, қабілеттіктің тек осы оқушыға ғана тән ерекшеліктерін ескере отырып шығармашылық тұлға қалыптастыру үшін ерекше жағдайлар жасау.

4. Арнаулы мектеп алдында мынадай міндеттер тұр:
оқушылардың табиғи интеллектілік қабілеттерін жан-жақты дамыту;
оқушылардың арнаулы шығармашылық қабілеттігін айқындау және дамыту;
оқуға тұрақты ынта-ықыласын және өз бетімен білім алуын дамыту;
оқушыларда ғылым негіздерінің терең және жан-жақты білімнің негізінде тұрақты дүние танымын қалыптастыру;

өз бетімен білім алу дағдысына және ғылыми-зерттеу қызметіне үйрету, сондай-ақ тұлғаның өздігінен жетілуге деген ішкі қажетін қалыптастыру;

қоршаған әлемде адамгершілік қатынасын, жеке басының өнегесін қалыптастыру;

үздіксіз жетілудегі жеке басының ішкі қажетін қалыптастыру.

5. Білім беруді жүзеге асырудың принциптері: адамгершілік, дамытыла оқыту, жеке-дара оқыту, дифференциалды оқыту, білім берудің тұтастығы мен үздіксіздігі болып табылады.

6. Арнаулы мектептің мынадай бағыттары бар: музыкалық, көркемдік-эстетикалық, табиғи-математикалық, экономикалық, гуманитарлық, спорт және басқа.

7. Арнаулы мектепті жергілікті атқару органдарының, жоғары оқу орындарының: дербес оқу орны ретінде ұсынуы бойынша, құрамында жоғары оқу орындары мен институттар бар Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы - мүдделі министрліктердің және өзге де орталық атқарушы органдардың келісімі бойынша Қазақстан Республикасының Білім министрлігі ашады.

8. Арнаулы мектеп өз қызметін Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес берілген лицензия негізінде ғана жүзеге асырады.

9. Арнаулы мектеп дербес заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және өзінің атауы, ағымдағы шоты жазылған мөрі және заңда белгіленген басқа Қазақстан Республикасының Ұлттық Банк бөлімшелерінде (қазынашылық органдарында) шоты бар.

10. Арнаулы мектеп қызметінің бағытына сәйкес және Жарғысын, оқу жоспарын, Қазақстан Республикасының Білім министрлігі бекітетін оқу бағдарламаларын әзірлейді.

II. Оқушыларды қабылдау және олардың оқу бітіру тәртібі

11. Арнаулы мектепке қабылдау конкурстық іріктеу нәтижесі бойынша жүргізілді. Арнаулы мектептерге конкурстық іріктеудің түрі мен нысанын Қазақстан Республикасының Білім министрлігі белгілейді.

12. Республикалық, аумақтық пән олимпиадаларының, арнаулы, конкурстардың жеңімпаздары мектепке конкурстық қабылданады.

13. Қабылдануы, ауыстырылуы және бітіруі Қазақстан Республикасының Білім министрлігі бекітетін мектеп Жарғысымен айқындалады.

14. Ауысу және бітіру емтихандары "Оқушыларды ауыстыру, аттестациялау және бітіру тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің нұсқауына сәйкес өткізіледі.

15. Арнаулы мектептегі қаладан тыс тұратын оқушылар бюджет қаражаты

есебінен жатақханамен және тамақпен (заңмен белгіленген жағдайларда киім-кешекпен) қамтамасыз етіледі.

16. Арнаулы мектепті бітірушілерге белгіленген үлгіде оқу орнының атауын көрсете отырып орта білім туралы аттестат және мектептегі оқу барысында меңгерген кәсібі туралы куәлік беріледі.

17. Арнаулы мектеп бітірушілерін жоғары және орта арнаулы оқу орындарына қабылдау бірлескен қызмет туралы шарттармен және қабылдау ережелерімен реттеледі.

18. Мектеп оқудың жаңа мазмұнын іздестіруді, әзірлеуді, оны енгізу жөніндегі нысандар мен әдістерді енгізуді ұйымдастыратын, эксперименттік оқу жоспарлары мен бағдарламаларын сынақтан өткізудің шығармашылық лабораториясы болып табылады.

III. Оқу-тәрбие жұмысы

19. Арнаулы мектептегі білім процесін ұйымдастыру жалпы білім стандарты мен кәсіби бағдардың негізгі талаптарын қамтамасыз ететін, Қазақстан Республикасының Білім министрлігі бекітетін жеке оқу жоспарлары мен бағдарламалары бойынша жүзеге асырылады.

20. Арнаулы мектептің құрылымын, оқу жоспарын, жұмыс режимін, штат кестесін басқа мемлекеттік органдардың келісімі бойынша Қазақстан Республикасының Білім министрлігі айқындайды және бекітеді.

21. Арнаулы мектепті материалдық-техникалық ұйымдастыру және кадрлармен қамтамасыз ету оқу-тәрбие процесінің мәселелері жөніндегі оның тиісті жоғары оқу орындары мен ғылыми мекемелері бейінімен іс-қимыл жасайды.

IV. Басқару және кадрлармен қамтамасыз ету

22. Арнаулы мектепті тікелей басқаруды Қазақстан Республикасының Білім министрлігі тағайындаған директор жүзеге асырады.

23. Педагогикалық кадрлар мен басқа қызметкерлерді Қазақстан Республикасының белгіленген заңдары тәртібімен директор қабылдайды.

V. Мектептің қызметін қаржы-шаруашылық және құқықтық қамтамасыз ету

24. Арнаулы мектепті қаржыландыру "Білім беру туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен, "Жалпы білім беретін оқу орындары туралы" Ережемен, осы Ережемен және Қазақстан Республикасының

басқа да нормативтік құқықтық актілерімен жүзеге асырылады.

25. Арнаулы мектептің қаржы қаражаты: республикалық бюджет қаражаттарынан; заңды және жеке тұлғалардың ерікті жарналарынан; бюджеттен тыс қаражаттан, оның ішінде қолданылып жүрген заңдармен рұқсат етілген ақылы білім қызметтерін және қызметтің басқа да түрлерін көрсетуден (гранттар, сыйақы және т.б.) құралады.

26. **А л ы н ы п т а с т а л д ы**

27. **А л ы н ы п т а с т а л д ы**

Ескерту. 26,27-тармақтар алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2002.01.11. N 41 Қаулысымен.

ҮІ. Мектептің халықаралық байланыстары

28. Арнаулы мектептің Қазақстан Республикасы Білімминінің, Мәдениетминінің, Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының желісі бойынша, сондай-ақ бюджеттен тыс қаражат есебінен өзінің бастамашылығы бойынша халықаралық қызметтерге қатысуға құқығы бар.

29. Арнаулы мектеп стажировка, тәжірибе алмасу, оқу, конференциялар жұмысына, семинарларға және т.б. жөніндегі халықаралық қызметтерді Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің келісімі бойынша жүзеге асырады.

ҮІІ. Арнаулы мектепті қайта ұйымдастыру және тарату

30. Арнаулы мектепті құру, қайта ұйымдастыру мен тарату Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.